

FTAMP 03.20

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНАН KEЙІНГІ MEKTEП ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

О.Г. Турсынбаев

PhD-докторант, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Қарастырылып отырған мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі кезеңдегі елдегі жағдай, нақтырақ айтсақ, білім, тәрбие мәселелері туралы баяндалған. Аталған мәселелердің негізгі хронологиялық шеңбері – 1945-60 жылдар аралығы. Сол жылдардағы мектептердің жағдайы, алға қойылған жоспарлар мен қабылданған қаулылар, салыстырмалы статистика қарастырылған. Сонымен қатар, педагогиканы зерттеп, оның дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың еңбектері көрсетілген. Ежелгі кезеңнен қазіргі таңға дейінгі тәрбиенің қоғамда, жас ұрпақ тәрбиесінде атқаратын зор үлесі жайында, оны бала бойына дарыту жолындағы біршама міндеттер мен қағидалар тізбектеліп жазылған. Сондай-ақ, қарастырылып отырған кезеңде Талдықорған қаласындағы бастауыш сыныптардың тәрбие мәселесі де бар.

Түйін сөздер: педагогика, мектеп, тәрбие, мұғалім, оқушы, бастауыш сынып.

Ұлы Отан соғысынан кейін кеңес халқы соғыстың халық шаруашылығына келтірген зиянының орнын толтыруға ерекше жігерлене кірісті.

1946-1950 ж. ж арналған халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту туралы соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарда соғыс кезінде қираған мектеп үйлерін тек қана құрылыстар салу, мектептердің жүйелерін одан әрі дамыту, балаларды міндетті жетіжылдық оқытумен толық қамту үшін соған сәйкес жағдайлар жасау және орта мектептердің жоғары сыныптарында оқитындардың санын 31,8 млн. адамға жеткізу көзделді.

Соғыс жылдарында қиратылған мектептерді қалпына келтіру және жаңа мектеп үйлерін салуда, олар үшін оқу-шығармашылық жабдықтарын даярлауда мектептерді қамқорлыққа алған өндірістік мекемелер белсене қатысты, ал ауылдық жерлерде – кеңшарлар мен ұжымшарлар, сонымен қатар еңбекшілердің өкілдері мұғалімдер, мектеп оқушылар кеңінен қатыстырылды.

Осындай шараларды іске асырудың нәтижесінде 1949 жылы жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық білім беруді барлық жерде енгізу үшін толықтай мүмкіншілігі жасалды. Партияның XIX съезі халық шаруашылығын дамытудың

1951-1955 жж. арналған бесжылдық жоспарында төмендегі міндеттерді қойды: жалпыға бірдей жетіжылдық білім беруден жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді аяқтау (республика орталықтарында, республикаға, облыстық, өлкелік және ірі өндіріс орталықтарында). Өткен бесжылдықпен салыстырғанда съезд қалалық және ауылдық мектептер үшін мектеп үйлерінің құрылысын 70 пайызға арттыруды белгіледі. Осының нәтижесінде бұл жылдары біршама жетіжылдық мектептердің жүйесі артты, сонымен қатар орта мектептердің, әсіресе ауыл мектептерінің жүйесі өсті.

1955-56 оқу жылы ауылдық жерлерде еліміздің орта мектептерінің жалпы санының жартысынан астамы орналасты. 1964 жылы сегіз жылдық мектепті 4 млн., орта білім беретін мектепті – 1 млн. 400 мың адам тамамдады. Жалпыға бірдей міндетті білім беруді іске асыруда ерекше жетістіктерге қарамастан, ауылдық мектептердің әлі де көптеген мектеп жасындағы балалар оқытумен қамтылмаған еді.

Ұлы Отан соғысына дейінгі қалыптасқан халыққа білім беру жүйесі, оның ішінде жалпы білім беретін орта мектептің құрылысы соғыстан кейінгі жылдарда да ешқандай елеулі өзгеріссіз сақталды. Директивтік құжаттарда айтылғандай, мектептің жұмысында кейбір өмірмен, тәжірибемен байланыс болмады, оқытудың сөздік сипаты берік орын тепті.

Партияның XIX съезі өзінің шешімдерінде жалпы білім беретін политехникалық мектепті құрудың қажеттігін атап көрсетті, бірақ ол партияның XX съезінде де күн тәртібіне қойылғанмен, бұл шешімдер іске асырылмады. 1956-1960 жж. арналған халық шаруашылығын дамытудың жоспарында жалпы білім беретін мектепте политехникалық оқытуды одан әрі дамытудың міндеттері қойылды.

1950 жылдары орта мектептің жоғары сынып оқушыларының саны біршама артты. Егер де 1950-1951 оқу жылында 8-10 сыныптарда 2 млн. адам оқыса, 1955-56 оқу жылында олардың саны 6 млн. адамға жетті. Орта мектептердің санының өсуіне байланысты пән мұғалімдерінің қажеттілігі артты. Егер де 1950-51 оқу жылында олардың саны 1 млн. 330 мың болса, ал 1958-59 оқу жылында олар 1 млн. 813 мың адамға жетті.

1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың бас кезінде педагогика ғылымы мектептің оқу-тәрбие жұмысының идеялық-саяси деңгейін арттыру мәселелерін зерттеуге және практикалық іс-әрекетке оқушыларды даярлауға ерекше мән берді. Бұл кезеңде педагогика теориясы мен тарихынан монографиялар мен оқулықтар жарық көрді: Н.К. Гончаровтың «Педагогика негіздері» (1947), И.А. Кайыровтың педагогикалық институттар мен универсиеттерге арналған «Педагогика» оқулықтар (1948), И.Т. Огородников пен П.Н. Шимбиревтің «Педагогика» оқулығы (1950), Б.П. Есипов пен Н.К.Гончаровтың педагогикалық училищелерге арналған «Педагогика» оқулығы (1950).

Партияның XX съезі (1956) педагогика ғылымының алдына көптеген жаңа өзекті мәселелерді қойды және мектептің оқу-тәрбие жұмысының

деңгейін арттыру, политехникалық білім беруді дамыту, мектептің өмірден алшақтығын жоюдың қажеттігін атап көрсетті.

Осыған байланысты Педагогикалық ғылымдар академиясының және педагогикалық институттардың педагогикалық кафедрасының ғылыми бағыты мектептердің өзекті мәселелерін зерттеуге біріктірілді: орта мектептегі жалпы және политехникалық білім беруді оқытуды ұйымдастыру және әдістері, мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ғылыми негіздері, балалардың жас және дара ерекшеліктерін ғылыми жаратылыстану және психологиялық тұрғыдан зерттеу.

1958 жылы 24 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және КСРО-да халық ағарту жүйесін одан әрі дамыту туралы» заң жалпыға бірдей міндетті сегіз білім беруді енгізу туралы шешім қабылдады. 1962-1963 оқу жылы барлық жетіжылдық мектептер сегіз жылдық мектептерге айналды. Халық ағарту органдары мектеп жүйесін қайта құруды және педагогикалық кадрларды орналастыруда біршама жұмыстар атқарды.

1950 жылдардың аяғында мектептегі білім берудің мазмұнын жетілдірудің жолдарын теориялық және экспериментальдық ізденістер басталды. Осыған байланысты жан-жақты мәселелер зерттелді: білім берудің мазмұнының, ғылымның, техниканың және мәдениеттің деңгейі мен сипатына тәуелділігі, жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беруге қойылатын жаңа талаптар; оқушылардың оқытудың әртүрлі тәрбие жұмысының бағдарламаларын құрудың қағидалары және т.б. [1, 162-197 б.].

Тәрбие мәселесіне тоқталар болсақ, қоғамның даму барысында тәрбие және мақсаты төңірегіндегі пікірталас ежелгі дәуірдің өзінде-ақ басталған. Ертедегі ойшылдар тәрбиенің мақсаты ізгі, рақымшыл азаматтарды тәрбиелеу деп түсінді. «Рақым» туралы пікірде олардың ойлары бір жерден шықпады. Мысалы, Сократтың түсінігінше, тәрбиенің мақсаты – заттардың табиғатын зерттеу емес, өз-өзінді тану, аса құлықтылықты жетілдіру, ал Платон ақыл-ой, ерік және сезімді тәрбиелеуге көп ықылас білдірді. Аристотель, тәрбиенің мақсаты жан рақымы – ақыл-ес пен ерік-жігерді дамыту деп білді. Ұлы педагог Я.А. Коменский тәрбиенің күшіне сенді, оның ойынша тәрбие үш мақсатқа жетуге бағытталуы қажет: өзінді және қоршаған ортаны тану (ақыл-ой тәрбиесі) және құдайға сиыну (діни тәрбие). Дж. Локтың ойынша, тәрбиенің негізгі мақсаты азаматты қалыптастыру, өз істерін ақылмен және байыппен жүргізу, ал Ж.Ж. Руссо қоғамдық құндылықтарды қалыптастыруға тәрбие мақсаттарының алатын орнын айтты. И. Гербарттың ойынша, тәрбие мақсаты, рақымды адамды қалыптастыруға, қалыптасқан қарым-қатынастарға бейімделе алатын, қоғамдағы белгіленген тәртіпті сыйлайтын, оған бой ұсынатын адамдар десе, А.Дистерверг тәрбиенің мақсаты «ақиқат, сұлулық және мейірімділікке өз ынтасымен қызмет» ету деп анықтаған. Ұлы орыс педагогы К.Д. Ушинский: «Егер сізге тәрбие мақсатымен адамды бақытты етуге болады деп айтса, онда сіздің дауласуға әбден қақыңыз бар, ал тәрбиеші «бақыт» дегенде нені түсінеді; өйткені, бәрімізге белгілі, әлемде бақытқа ұмтылмайтын пенде жоқ: біреуге

бақыт болып көрінетін жағдай, ал ол басқа адамға жай бір оқиға сияқты көрінеді, кейбіреуі тіпті бақытсыздық», – деп тұжырымдайды [2].

Тәрбие – қоғамның негізгі функцияларының бірі. Тәрбие жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру принципі болып табылады. Тәрбие процесі нәтижесінде аға ұрпақтың тәжірибесі оқушыларға беріліп, меңгеріледі, олардың сана-сезімі қалыптасып, жағымды мінез-құлық нормалары мен сезімдері дамып жетіледі.

Тәрбие процесі дегеніміз – жеке адам мен коллективті қалыптастыру мен дамытуға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушінің мақсатты және бір-бірімен тығыз байланысты қызметі.

Тәрбие процесін басқару функциясын мұғалім-тәрбиеші атқарады. Тәрбие процесінде әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық факторлардың бірлігі аңғарылады. Тәрбие процесінің түпкі мақсаты негізінен қоғамдық талаптармен, міндеттермен және жеке адамның тарихи нақтылы қоғамдағы орнымен анықталады. Тәрбие процесінің әлеуметтік маңызы оның жасөспірімдерді мораль, еңбек, ғылым, көркемөнер саласында қоғамдық игіліктерді меңгеруіне байланысты. Бірақ тәрбие процесінің ең негізгі қарастыратыны – жеке адам, әсіресе даму, кемелдену үстіндегі жеке адам. Сондықтан да тәрбие процесін іске асыру жеке адамның дамуының заңдылықтарын білмейінше, олардың жас және дара ерекшеліктерін жан-жақты түсінбейінше мүмкін емес.

Осының ішінде ең қиыны – тәрбие процесіне тән педагогикалық факторлар болып табылады. Ол белгілі бір жүйені құруға қажетті жағдайлар жасауға және әлеуметтік мақсатты іске асыруға, жағымды тәжірибені қалыптастыруға көмектеседі [3, 4-5 б.].

Мектептің өмірге жақын болуы біздің еліміздегі халыққа білім беру мен тәрбие жүйесін дамытудың ең негізгі бағыты болып табылады. Мектептің мақсаты – балалар мен жасөспірімдерді, қыздар мен жігіттерді әр уақытта да қазіргі өмірдің кең құлашты тасқынынан хабардар болу, оны сезіп отыру болып табылады. Тәрбие жұмысында осы принциптерді іске асырудың қандай жолдары мен шарттары бар?

Біріншіден, тәрбиенің өмірмен байланыстылық принципі оқушыларды біздің елімізде және шетелдерде болып жатқан күнделікті оқиғалармен хабардар ету, әр уақытта да таныстырып отыру, ол үшін саяси хабарламаларды өткізу, газеттер оқу, радио, телевизиялық хабарларды тыңдау т.б. Ең негізгісі оқушылар ағымдағы оқиғалардан хабардар болу керек.

Екіншіден, тәрбиенің өмірмен байланысы принципін іске асыру сабақта және кластан тыс жұмыстарда жергілікті өлкетану материалдарын кең көлемде пайдалануға көмектеседі. Бұл оқушыларды өзін қоршаған ортамен таныс болуға, өз өлкесінің өткені мен бүгінін білуге және өз ата-аналарының, жақын адамдарының еңбектегі табыстарымен танысуға септігін тигізеді.

Үшіншіден, оқушыларды өзін қоршаған өмірмен, экономистік құрылыс практикасымен таныстыруда өз қаласының, селосының озат адамдарымен кездесу ұйымдастырудың рөлі орасан зор.

Төртіншіден, тәрбиені өмірмен байланыстыруды іске асыру оқушыларды көпшілік орындарына мейрамдарға, демонстрацияға, спорттық жарыстарға, олимпиадаға, көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысуға көмектеседі.

Бесіншіден, тәрбиенің өмірмен байланысын іске асырудың ең тиімді және пәрменді құралы – мектеп оқушыларын өмірге, қоғамдық пайдалы еңбекке белсене араластыру.

Жеке адамды қалыптастыру еңбек процесінде жемісті болады. Еңбек – тәрбиенің күшті құралының бірі. Ол адамдардың қабілеттілігінің көзқарасының және моральдық бейнесінің қалыптасуының материалдық негізін құрайды.

Еңбектің тәрбиелік рөлі туралы жалпы айтуға болмайды. Кез келген дене еңбегі өскелең ұрпаққа тәрбиелік ықпал жасай алмайды. Еңбектің әр алуын түрі әр жастағы балаларға түрліше әсер етеді. «Еңбек, – деп ескертеді Н.К.Крупская, – балалардың күшін әлсіретпеуі тиіс, керісінше, ол шамаға қарай беріліп, ақыл-ойға азық болуға тиіс» [3, 19-20 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі Талдықорған қаласындағы №1 мектептегі бастауыш сыныптардың 1956-57 жж. тәрбие жұмысына келер болсақ, негізгі тәрбиелік міндет – ұжымды ұйымдастыру болды. Жеке сыныптарда – ұжымдарды нығайту, барлық оқу және қоғамдық жұмыстарды одан әрі жақсарту.

Бірінші сыныпта «Сабақты қалай дайындау керек», «Сыпайы және шыншыл бол», «Оқушы ұқыпты болуы керек» және т.б. тақырыптарда сұхбаттар алынды. Сыныпта дәптерлердің тазалығы үшін қатар аралық сайыс, т.б. өткізілді. Жыл соңында бір күндік экскурсия да ұйымдастырылды.

Екінші сыныптағы үлкен тәрбиелік фактор ретінде пионерге дайындық пен оған қабылдауды атап өту керек. Осы мақсатта – «Пионер – барлық балаларға үлгі», «Ұлы Отан соғысының пионер қаһармандары және еңбек батырлары туралы» әңгімелер жүргізілді. Бұл білімгерлердің үлгерімі мен мінез-құлқына жағымды жағынан әсер етті.

2 «А» сыныбында Тимур қозғалысы (қарттарға көмек) пайда бола бастады. Екінші сынып оқушыларымен қаланың жаңа ғимараттарына, электр станциясына, жас натуралистер станциясына және инкубаторға экскурсиялар жүргізілді.

Бірақ 2-3 сыныптарда ішкі ережелерді бұзу оқиғалары болды. Соның ішінде, төбелес және ұрлық жағдайлары орын алған. Жыл бойына 5 оқушы тәртібі бойынша төмен баға алған. Бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің елеулі кемшіліктерін көрсетеді.

4-сынып тәртіптілігімен ерекшеленді. Бұл сынып оқушыларының ұқыптылығын, жинақылығын, адалдығы мен достығын атап өту қажет.

Жалпы алғанда, 1-4 сынып оқушыларының тәрбиесі 5-10 сынып оқушыларымен салыстырғанда әлдеқайда жақсы [4, 26 б.].

Ал дәл сол мектептің 1959-60 жж. мәліметтерге тоқталсақ, бірінші сыныптардағы негізгі тәрбиелік міндет – балалардың ерекшеліктерін зерттеу, ұжымды ұйымдастыру, оқу, қол еңбегі мен қоғамдық жұмыстарға тапсырма беру, үй жағдайымен, беріліп жатқан тәрбиесімен танысу, ата-аналар мен

мұғалімнің бірыңғай талаптарын дайындау. 2-4 сыныптарда – ұжымды одан әрі нығайту, барлық оқу және қоғамдық жұмыстарды жақсарту.

1 «А» сыныбында (мұғалім А.И. Марченко) оқушылар мінез-құлық ережелерімен танысты. Адалдық, қарапайымдылық, сыпайылық туралы әңгімелер жүргізілді. Оқушылардың жақсы іс-әрекеттері ынталандырылды. Барлық атаулы күндер атап өтілді, монтаждар мен қойылымдар дайындалды. Салтанатты түрде бүкіл сынып октябрыттар қатарына қабылданды. Әліппені шығарып салу мерекесі өткізілді.

2-ші «Г» сыныбында (мұғалім В.В. Соломина) көркемөнерпаздар үйірмесі дайындалды. Жаңа жылға сынып «Балалардың Аяз атамен кездесуі» пьесасын дайындады.

2 «А» сыныбында (мұғалім А.Г. Ерыгина) саябаққа, Қаратал өзеніне және егістік алаңына экскурсиялар өткізілді. «Қызыл телпек» және «Қар ханшайымы» кинокартиналарына барып, кейін талқыға салынды.

3-ші «Б» сыныбында (мұғалім М.С. Еременко) «Ленинское слово», «Павлик Морозов», «За морями за долами», «Как печатали вашу книгу» кітаптары оқылды.

Сенбі күндері «Пионер ақиқаты» оқылды. Пионерлер қатарына қосылу үшін октябрыттармен дайындық жүргізілді.

Мұғалім Л.М. Леденева (4 «Б» сыныбы) «Шеберлік пен еңбек бірге тұрады», «Білмеу ұят емес, үйренбеу ұят» тақырыптарында сыныбымен сұхбат өткізді.

Ата-аналары үшін балалар өз күштерімен концерт көрсетті. Әлеуметтік пайдалы жұмыс уақытында көрнекі құралдар (орыс тілі, биология, арифметика бойынша кестелер) ретке келтірілді. Сынып 36 кг металл сынықтарын жинады. 4 «Б» сыныбының пионерлер тобына «Спутник Семилетки» атағы берілді.

Тәрбие жұмысының кейбір жетістіктерімен қатар, 1-4 сыныптарда жағымсыз құбылыстар да орын алды (ұрлық, мектептен қашу, т.б.) [5, 40-41 б.].

Оқу-тәрбие аймағындағы қайта құрулар, демократияластыру мен гуманизациялау идеялары мектеп өмірінен шынайы орын тауып, қарапайым адамилық сезімдердің – балаға қамқорлық, сүйіспеншілік пен мейірімділік үстем болған кезде ғана іске асуы мүмкін. Сондықтан бүгінгі таңдағы педагог, тәрбиеші алдында тұрған аса маңызды міндет – тәрбиеленушіні педагогикалық ықпалдарды шын көңілімен қабылдауға ойыстыру.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болуы – жас ұрпақтың тәрбие мәселелерін жаңаша ойлап, жаңаша құруды талап етеді. Яғни, тәрбиенің мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін қайта қарастырып, түбегейлі жаңашалау қажеттігі туып отыр.

Тәрбие мазмұны бойынша халықтың ғасырлар бойы жинақталған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпаққа беру, қоғамға қажеттігін ескеру – басты міндет болып отыр.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырған уақытта отбасы тәрбиесінен бастап әрбір баланы жеке тұлға ретінде танып, оның өзіне тән қасиетіне, санасын, қабілетін ескере отырып, тәрбие жұмысында мына төмендегі міндеттерді жүзеге асыруға тиістіміз.

– Қазақ халқының төл мәдениеті, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы арқылы жас жеткіншектің ұлттық сана-сезімін, имандылық қадір-қасиетін тәрбиелеу.

– Ұлтымыздың ой-парасатын нығайту мақсатымен дарынды балаларды анықтау, олардың қабілетін дамытуға жан-жақты жағдай жасау.

– Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, сұлулыққа, тазалыққа үйрету. Адамзат қоғамында бұрын-сонды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу.

– Жас ұрпақтарға мемлекеттік белгілердің мәнін терең білуге, оны құрметтеп сыйлай білуге, «бостандық», «теңдік», «демократия» деген сөздердің мағынасын жеке түсініп, оны өмір жүзіне асыруға ат салысуға тәрбиелеу.

– Қоғамдық тәртіпті, заң ережелерді бұзушыларға төзбестік білдіру, еңбек дағдысын баланың бойына жастайынан сіңіру, қазақ жастарынан техника тетігін еркін меңгерген жұмысшы мамандарын тәрбиелеуге баса көңіл бөлу.

– Ұлттық ойын, дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін жолға қою.

– Елін қорғай алатын, елжанды, ұлттық намысы мол, жігерлі азаматтарды тәрбиелеу.

– Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп, өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

– Жастардың бойына ұлтаралық қатынастың жақсы негіздерін бойына сіңіру, өзара сыйластық-достық негізде өмір сүруге тәрбиелеу [6].

Осы аталған тәрбие міндеттерін терең түсіне отырып, тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәрбиеші, педагогтарды көздеген мақсатына жеткізеді. Тек сол жағдайда ғана жас ұрпақ білім, тәрбие мен мәдениеттен сусындап, елінің қамын ойлайтын жанашыр, парасатты азаматтар қатары арта түспек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Константинова Н.А. История педагогики. – Москва, 1955.

2 Муканова Б.И. Педагогическое руководство формированием социальной активности подростков. – Алматы, 1990.

3 Талдыкорганский государственный архив: Ф-1080, О-1, С-6, Д-107 – Годовой отчет об учебно-воспитательной работе в средней школе имени Абая за 1956-57 учебный год.

4 Талдыкорганский государственный архив: Ф-1080, О-1, С-9, Д-144 – Годовые текстовые отчеты об итогах учебно-воспитательной работы за 1959-60 учебный год.

5 Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы, Дарын, 2004.